 Еуразиялық Банк	ЕР		1-бет	
	ИНСАЙДЕРЛІК ПАЙДАЛАНУҒА ЕРЕЖЕСІ	АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ	ЖӘНЕ	ОНЫ ШКІ БАҚЫЛАУ


№ 1 қосымша

Банктің Инсайдерлік ақпаратының тізімдемесі

1. Келесі корпоративтік оқиғалар туралы Инсайдерлік ақпаратқа жататындары:
 - мәселелердің тізімдемесі бойынша ол туралы акционерлер мен инвесторларға жеткізілуі тиіс ақпарат Банктің Директорлар кеңесі мен Акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған шешім;
 - Банктің бағалы қағаздарын өтеу мен орналастырудың қорытындылары туралы есептердің Уәкілетті органда бекітілуі және Банктің акциялар мен басқа бағалы қағаздарды шығаруы, сондай-ақ Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;
 - Банктің ірі мәміле және жасалуына қызығушылық бар мәмілені жасауы;
 - Банктің активтерінің 5 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға мүліктерін кепілге (қайта кепілге) беруі;
 - Банктің меншік қорының мөлшерінен 25 және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы;
 - қандай да бір қызметтерді жүргізуге лицензия алу, тоқтату немесе қандай да бір қызметтерді жүргізуге Банктің ертеректе алған лицензиясының әрекетін тоқтату;
 - Банктің заңды тұлғаның мекемесіне қатынасуы;
 - Банктің мүлкіне тыйым салу;
 - нәтижесінен баланстық құны Банктің активтерінің жалпы мөлшерінен 10 және одан да көп пайызды құрайтын Банктің мүліктерінің жойылуына алып келген төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;
 - Банкті және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
 - Банктің мәжбүрлі қайта құрылуы туралы шешім;
 - Банктің жарғысына сәйкес, сондай-ақ Банктің бағалы қағазын шығару анықтамалығымен Банктің акционерлері мен инвесторларының мүддесін қозғайтын Банктің өзге де оқиғалары.

2. Оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын Банктің қызметіне өзгерістер туралы Инсайдерлік ақпарат деп танылатындары:
 - Банктің органының құрамының өзгеруі;
 - Банктің 10 және одан да көп пайыз дауыс беруші акцияларын (үлесін) иеленген акционерлер (қатынасушылар) құрамының өзгеруі;
 - Банктің, оның еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдарының қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;
 - Банктің мүлкіне тыйымның салынуы;
 - Банктің активтерінің 10 және одан да көп пайызды құрайтын сомаға Банктің мүліктерінің кепілге (қайта кепілге) берілуі;
 - Банктің лицензиясын алу, тоқтату немесе айыру;
 - Банктің акционерлерінің (қатынасушыларының) жалпы жиналысының шешімі;
 - әрбір осындай ұйымның Банк 10 және одан да көп акцияларын (үлестерін, жарнапұлдарын) иеленген ұйымдардың тізімде өзгеруі;
 - Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару анықтамалығындағы өзгеріс;
 - Банк жол берген дефолт фактілері, мемлекеттік емес облигациялар шығару анықтамалығында қарастырылған талаптарды Банктің сақтамауы туралы ақпарат.

3. Банк инсайдер деп таныған өзге ақпарат:
 - Банктің акционерлері мен Директорлар кеңесінің жалпы жиналысын шқыру және жүргізу туралы, оның ішінде жалпы жиналысқа қатынасуға құқығы бар тұлғалардың тізімін жасау күні, жүргізу күні, күн тәртібі туралы;
 - бақылаушы Банк ұйымды қайта ұйымдастыру немесе жою туралы шешім қабылдау туралы;
 - ҚР заңнамаларында қарастырылған дәрменсіздік (банкроттық) белгілерінің, Банкте немесе оның еншілес ұйымдарында пайда болуы туралы;
 - алдыңғы талап қою, қанағаттандыру Банктің пікірі бойынша, Банктің немесе оның еншілес ұйымдарының қаржылық-шаруашылық жағдайына мәнді түрде әсер етуі мүмкін, есептік кезеңнің (тоқсан, жыл) аяқталған күніне көрсетілген тұлғалардың баланстық активтерінің құны 10 және одан да көп пайызды құрауы бойынша талаптардың мөлшері Банкке немесе оның еншілес ұйымдарына қойылғанда;

 Еуразиялық Банк	ЕР	2-бет	
	ИНСАЙДЕРЛІК ПАЙДАЛАНУҒА ЕРЕЖЕСІ	АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ	ЖӘНЕ ШКІ БАҚЫЛАУ ОНЫ

- ашып көрсетілуі KASE сайтында қарастырылған Банктің қаржылық есептілігі және қаржылық есептіліктің депозитарийі - көрсетілген ұйымдардың сайтында ашып көрсетілгенге дейін.